I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы әндерді педагог орындағаннан кейін келесі әнге ауысқанда балаларды қызықтыру. АҚТ технологиясымен жұмыс Әңгіме өткізу: – Еліміздің ең ірі қаласы қай қала екенін білесіңдер ме? Қандай көрікті жерлерін білесіңдер? Алматы – өте әсем қала, онда әлемге әйгілі «Медеу» мұзайдыны, Көктөбе, Опера және балет театры, Республика сарайы т.б. көптеген көрікті жерлері бар. Алматыда әлемге әйгілі апорт алмасы өседі. Бүгін осы әсем қала туралы музыка тыңдап, апорт туралы ән үйренеміз.	Интерактивті тақта Алматы туралы деректі фильм

<p>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>Музыка тыңдау: «Алматы» (муз. Е. Хасанғалиев, сөзі А. Асылбеков). Балалардан тыңдаған музыка не туралы екенін сұрау, әннің қандай көңіл күйде жазылғанын әңгімелеу. Дауыс жаттығулары: «Былқылдақ» (Тәттімбет). «Былқылдақ» күйінің негізгі әуенін «ду» буынында айтқызу. Терең тыныс алып, демді сыртқа еркін шығаруға үйрету. Орындағанда ерін жиырылып, таңдай жоғары көтеріледі, тіл артқа қарай жылжиды. Ән айту: «Мен алманы жақсы көрем» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Әлемге әйгілі Алматының алмасы – апорт туралы балалардың пікірін тыңдау, әңгіме өткізу. Әннің сипатын ажырату. Әнді бірқалыпты, бір-бірін тыңдап, бірге қосылып айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Билеп үйренеміз», «Билейміз» (муз. М.Мусоргский). Музыка әуеніне қосылып, сипатына сәйкес ырғақты сақтай отырып мәнерлі қимыл-қозғалыстар жасау. 1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Неліктен алманың отаны Алматы деп айтады? Алманың қандай пайдасы бар? Алма қандай түстерде болады? Ертегіден келген қонақтарға алмаларды тарту ет. Апорт деген қандай алма? Оның түсі, көлемі, дәмі қандай болады? 2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Алматының қандай көрікті жерлерін білесің? Суреттерге қарап, достарыңмен бірге әңгімеле. «Алматы» әнінің мазмұны туралы әңгімелеп бер. Әннің екпіні, ырғағы қандай?</p>	<p>«Алматы» әні «Былқылдақ» күйі «Мен алманы жақсы көремін» әні «Билеп үйренеміз», «Билейміз» (муз. М. Мусоргский)</p>
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: Хундуа топ
 Іс-әрекет түрі:

Тақырыбы:	«Мен Отанымды сүйемін»	
Күні:	03. 12. 2024ж- 05. 12.2024ж	2 сағат
ТОП:	Ересек топ	
ҮІӘ-нің міндеті:	Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.	
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. Көпшілік балалар: Қарапайым әуендерді сүйемелдеусіз таза интонациямен айта алады. Кейбір балалар: Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады Көптілділік: көңілді – веселый Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты. Пікір алмасу сұрақтары: Біздің Отанымыз қандай? Елордамыз Астана туралы не білесің?	
Өткен ҮІӘ-нен алған білім	Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.	
ҮІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут Ұйымдастыру 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді: – Сен қай мемлекетте тұрасың? – Қазақстанның қандай қалаларын білесің? – Отан, туған жер туралы қандай ән білесің	Доп

<p>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>Музыка тыңдау:«Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың? Дауыс жаттығулары:«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу. Ән айту:«Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Отан – туған еліміз, Отан – туған жеріміз. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету.Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту.Көңілді – веселый Аспаппен танысу:Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету. 1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер. 2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:Керуен деген не? Сен өз керуеніңе үй жануарынан қайсысын таңдар едің? Суреттегі музыкалық аспаптар қалай аталады? Мына музыкалық аспаптардың саған қайсысы таныс? Олар қалай аталады? «Сәулем-ай» халық әнін орындау үшін қазақтың ұлттық аспаптарынан оркестр құрайық.</p>	<p>Аудиожазбалар «Керуен» музыкасы Керуен бейнеленген сурет</p> <p>«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары</p> <p>«Отаным» әні</p> <p>«Менің Отаным – Қазақстан» атты слайд немесе түрлі түсті суреттер</p> <p>«Сәулем-ай» әні Асатаяқ, тұяқтас, бубен аспаптары</p>
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>(Р)Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау.</p>	



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Күнші» топ

Іс-әрекет түрі:

Тақырыбы:	«Мен Отанымды сүйемін»	
Күні:	10. 12. 2024ж- 12. 12.2024ж	2 сағат
ТОП:	Ересек топ	
ҮІӘ-нің міндеті:	Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.	
Күтілетін нәтиже:	<p>Барлық балалар: Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.</p> <p>Көпшілік балалар: Қарапайым әуендерді сүйемелдеусіз таза интонациямен айта алады.</p> <p>Кейбір балалар: Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.</p>	
Тілдік мақсат:	<p>Балалар: Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады</p> <p>Көптілділік: көңілді – веселый</p> <p>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты. Пікір алмасу сұрақтары: Біздің Отанымыз қандай? Елордамыз Астана туралы не білесің?</p>	
Өткен ҮІӘ-нен алған білім	Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.	
ҮІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут Ұйымдастыру 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді: – Сен қай мемлекетте тұрасың? – Қазақстанның қандай қалаларын білесің? – Отан, туған жер туралы қандай ән білесің	Доп

<p>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>Музыка тыңдау:«Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың? Дауыс жаттығулары:«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу. Ән айту:«Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Отан – туған еліміз, Отан – туған жеріміз. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету.Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту.Көңілді – веселый Аспаппен танысу:Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету. 1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер. 2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:Керуен деген не? Сен өз керуеніңе үй жануарынан қайсысын таңдар едің? Суреттегі музыкалық аспаптар қалай аталады? Мына музыкалық аспаптардың саған қайсысы таныс? Олар қалай аталады? «Сәулем-ай» халық әнін орындау үшін қазақтың ұлттық аспаптарынан оркестр құрайық.</p>	<p>Аудиожазбалар «Керуен» музыкасы Керуен бейнеленген сурет</p> <p>«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары</p> <p>«Отаным» әні</p> <p>«Менің Отаным – Қазақстан» атты слайд немесе түрлі түсті суреттер</p> <p>«Сәулем-ай» әні Асатаяқ, тұяқтас, бубен аспаптары</p>
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>(Р)Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау.</p>	



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Қ/АШ» топ
 Іс-әрекет түрі: _____

ҰІӨ Тақырыбы:	«Туған жерім – туғырым»	
Күні:	17. 12. 2024ж 19. 12.2024ж	2 сағат
ТОП:	Ересек топ	
ҰІӨ-нің міндеті:	Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.	
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады. Көпшілік балалар: Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Кейбір балалар: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Отаны, тұратын жері туралы әңгімелейді. Туған жері, елі туралы тақпақ-өлеңдер айтады. Көптілділік: салтанатты – торжественный Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты. Пікір алмасу сұрақтары: Өз туған жеріңе деген қандай тілектерің бар? Естіген әуенді қалай сипаттар едің? Туған жеріңнің табиғатын суреттеп бер.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды, алған әсерлерін, толғаныстарын еркін сипаттайды, әңгімелейді.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. «Сәлем! Привет! (әндеме амандасу). Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін көрсетеді. Туған жерге құрақ болам, Шуақ болып жылынар. Туған жерге бұлақ болам, Шөл қандырап суы бар. Өлең жолдарын қайталатып, еске сақтауға талпындыру.	Музыкалық сүйемелдеу Үлестірмелі карточкалар «Туған жер» тақырыбына салынған түрлі суреттер немесе интерактивті тақта, слайдтар

<p>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>Музыка тыңдау: «Туған жер» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі С. Жиенбаев). – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну. «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда.</p> <p>Дауыс жаттығулары: «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.</p> <p>Ән айту: «Егемен ел – Қазақстан» (муз. мен сөзі Н. Алғашбаев).</p> <p>Көк байрақтың бетінде, Қыран бүркіт қанатты. Сол қырандай еркіндеп, Бала өседі талапты. (М. Әлімбаев)</p> <p>Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Әнді орындап, алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау.</p> <p>– Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Бірғағы қандай екен?</p> <p>Музыкалық-дидактикалық ойын: «Үш көңіл күй» «Марш» (муз. В. Соловьев-Седой), «Полька» (муз. И. Штраус), «Вальс» (муз. Э. Григ); «Бесік жыры» (Б. Дәлденбай). Музыка жанрларын ажыратуға ықпал ету, сәйкес карточкаларды көрсету.</p> <p>1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Айжан қыз қандай әуенге билейді? Биге қандай киім үлгісін ұсынар едің? Киімдерді ата. Айжанның қазақша тақиясының суретін тап</p> <p>2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің? Оларға сипаттама бер. Әнді орындағанда көз алдыңа не елестете аласың? Өз елің туралы әңгімелеп бер.</p> <p>Суреттегі биші қыздардың киім үлгісіне сәйкес ұлттық баскиімдерін таңдап, кигіз.</p>	<p>«Туған жер» әні</p> <p>«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары «Егемен ел Қазақстан» әні</p> <p>«Менің Қазақстаным» атты слайдсуреттер</p> <p>«Үш көңіл күй» («Марш», «Полька», «Вальс»), «Бесік жыры» әндері Үлестірмелі карточкалар</p>
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Күншүк» ересек топ

Іс-әрекеттің



ҰІӘ Тақырыбы:	«Астанаға саяхат»	
Күні:	24. 12. 2024ж- 26. 12. 2024ж	2 сағат
ТОП:	Ересек топ	
ҰІӘ-нің міндеті:	Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – құс, орташа – қоян, төмен – аю) анықтау. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.	
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады. Көпшілік балалар: Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – құс, орташа – қоян, төмен – аю) ажырата алады. Кейбір балалар: Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Елордамыз Астана туралы білгендерін әңгімелейді. Астана туралы тақпақ-өлеңдер айтады. Көптілділік: Астана – столица Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Әуеннің динамикасы, жоғарғы регистр, Бәйтерек, елорда. Пікір алмасу сұрақтары: – Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың? – Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық) – Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің?	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру	Музыкалық сәлемдесу. «Сәлем! Привет! Hello!» (әндете амандасу). (Т) Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін білдіреді.	Музыкалық сүйемелдеу Үлестірмелі карточкалар «Елордамыз – Астана» атты слайд

3-5 минут		
<p>ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>Музыка тыңдау: «Гүл жайнаған Астана» (муз. мен сөзі Г. Жотаева). Ән көңілді, жайдары орындалады. Қарқыны мен динамикасы туралы тоқталып өту. – Астананың қандай көрікті жерлерін білесің? – Астананы неліктен жас қала дейді? Әннің мәтіні туралы әңгімелеу. Елордам менің – Астанам, Осында жаңа бастама. Сәулетті жаңа үйлер көп, Көрікті сондай жас қала! (Н. Қалқа) Дауыс жаттығулары: «Әуе шары». Дұрыс тыныс алу ережесін сақтау үшін қолданылады. Терең тыныс алу, үрлеп, «шарды үлкейту». Көптілділік: Астана – столица Ән айту: «Астанам – бас қалам» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Ұлы Қазақ ордасы Бәйтерегім Астанам! Болашаққа Елбасы Бәрімізді бастаған! (Д. Қиқымов) Өлеңді мәнерлеп оқып, балалардың қызығушылықтарын ояту. – Әннен қандай әсер алдың? – Неліктен ән салтанатты, екпінді орындалады? Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Биге шақырамыз» (Г.А. Портнов). Таныс би элементтері мен қимылдарды араластыра отырып өз өнерін көрсете білу. 1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Суретте қай қала бейнеленген? Елордамыз Астана туралы әңгімеле. Бұл ғимараттар қалай аталатынын анықта. 2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: «Бәйтерек» деп не үшін аталғанын білесің бе? Әннен қандай әсер алдың? Неліктен ән салтанатты, екпінді орындалады? Өз ойыңды әңгімеле.</p>	<p>«Гүл жайнаған Астана» әні Аудиожазба Музыкалық сүйемелдеу</p> <p>«Бәйтерек» әні Бәйтеректің суреті</p> <p>Нота хрестоматиясы</p> <p>«Биге шақырамыз» музыкасы Би элементтері көрсетілген бейнежазбалар</p>
<p>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: *Жұлдыз* топ
 Іс-әрекет түрі:

ҮІӨТақырыбы:	«Жасыл шыршалар» қайталау.	
Күні: 07.01.2025ж - 09.01.2025ж	2сағат	
ТОП:	Ересек топ	
ҮІӨ-нің міндеті:	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Өздеріне таныс музыкалық шығармалардың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Көпшілік балалар: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. Кейбір балалар: Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ән сала алады.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Жалпы музыкалық шығармалардың көңіл күйін, мазмұнын әңгімелей алады. Өз ойларын жеткізе алады. Көптілділік: шырша – елка Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Салтанатты, қуанышты, мұңды, вальс. Пікір алмасу сұрақтары: Орманшы туралы не айта аласың? Әннің қай бөліктері жақсы шықты? Музыка тыңдай отырып осы музыкаға қандай қимыл жасар едің?	
Өткен ҮІӨ-нен алған білім	Қандай музыкалық аспаптарда, қандай әуен ойнағанын, қандай қимылдар жасағанын еске түсіреді.	
ҮІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Балалармен әндетіп амандасу. Ой қозғау. Өткен сабақтағы айтқан әндерді еске түсіріп, әуенімен қайталау. Музыка тыңдағанда не естерінде қалғанын әңгімелеп жеткізу. Басқа қандай бөлімдерде жұмыс жасағанымызды еске түсіріп қайталау. Бізде қыс мезгілінде болатын қандай мерекені білесіңдер? Ол мерекеде кімдер келеді, не әкеледі? Шыршалар қандай түсте болады және түсі өзгере ме? Шырша қайда өседі? Бүгін біз мәңгі жасыл шыршалар туралы, шырша өсетін орман туралы,	Орманның, ормандағы мәңгі жасыл шыршалардың суреттері

<p>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>орманды қарайтын орманышы туралы сабағымызды жалғастырамыз</p> <p>Музыка тыңдау: «Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б. Әбдіразақов). Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек. Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау(көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды). Дауыс жаттығулары: «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру.</p> <p>Ән айту: «Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді. Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді. Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов). Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру. Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанай қимыл жасау. 1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Ән не туралы? Әннің ырғағы мен қарқыны қандай? Қандай музыка ырғақтарын білесің? Бірге есімізге түсірейік (марш екпінінде, секіртпелі – тез, жсай – созылмалы). 2-сабақ. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Шыршамен байланысты мереке қалай аталады? Шырша туралы тақпақ білесің бе? Жаңа жыл мерекесінде барлық бала асыға күтетін кейіпкер кім?</p>	<p>«Орманшы» әні</p> <p>«Аққу» күйі</p> <p>«Жасыл шырша» әні</p> <p>«Конькишілер вальсі» музыкасы</p>
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

Топ: *«Жолшы»* секторі
 Іс-әрекет түрі



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

ҰІӨ тақырыбы:	«Қыс қызығы»	
Күні:	14. 01. 2025ж- 16. 01.2025ж	
ТОП:	Ересек топ	
ҰІӨ-нің міндеті:	Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді, әнді мәнерлеп айтуды біледі. Музыкалық аспаптарда ырғақты сезіне ойнауды үйренеді. Музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру) меңгереді:	
Тілдік мақсат:	<p>Балалар: Жаттығуды қайталапайтуға тырысады. Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Қыс, шырша, аққала. Пікір алмасу сұрақтары: Музыка тыңдай отырып оны қалай сипаттар едің? Ән мазмұны не туралы?</p>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Балалар өткен сабақта айтқан әндері мен тыңдаған музыкалары жайында әңгімелейді. Қандай қимыл-қозғалыс жасағандарын естеріне алады.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</p>	<p>Музыкалық сәлемдесу. Күлдіргіш кейпінде педагог жүгіріп келеді. Жеделхат алып келіп, оқиды: «аққала көмекке шақырады». «үш аю өз өнерін көруге шақырады» «қояндар жарысқа шақырады». Балаларды алаңға «қысқызығы» ойын-сауығына шақыру. Жетекші: қыс қызығы басталды, ойнап апасыр салайық, сазды әуенмен мәнерлеп,</p>	<p>Ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш, қыс көрінісі бейнеленген сурет.</p>

<p>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>ырғақты әнге салайық.</p> <p>«Шангытебеміз» Е.Тиличиева. Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді. Ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». Қағаздан аққала құрастыру. «Қыс» әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық. Ойын: «ырғақты жұмбақ». Аспаптар ырғағы арқылы анықтау. Бұл қай аюдың жүрісі? - ауыр , жай ырғақ. - орташа, көңілді ырғақ. - жеңіл, көңілді ырғақ. Балалардан қонжықтың және әке аюмен ана аюлардың жүріс ырғақтарын айырмашылығын сұрайды, түсіндіреді, үйретеді, қайталайды. Енді ән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар қарсы алады. Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады. Ойын: «көңілді ырғақ». Қоян дирижер рөлінде. Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ. «Ақшақар» әнін қайталау.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>– Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабақ қалай өтті? Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Құлшы» топ

Іс-әрекет түрі:

ҮІӨТақырыбы:	«Қызықты жорық»	
Күні:	21. 01. 2025ж- 23 01.2025ж	2 сағат
ТОП:	Ересек топ	
ҮІӨ-нің міндеті:	Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақты суреттерді ойнау.	
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырата алады. Көпшілік балалар: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. Кейбір балалар: Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Өздері барған экскурсиялары туралы ой-пікірлерін бөліседі. Көптілділік: қызық – интересно Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: ансамбль, контрабас, гитара, шаңқобыз. Пікір алмасу сұрақтары: Бұл дыбыс неге ұқсайды? Шулы дыбыстар мен музыкалық дыбыстардың айырмашылығы қандай? Бұл аспапта қалай ойнайды?	
Өткен ҮІӨ-нен алған білім	Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма билерін көрсете біледі. Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын суретпен байланыстыра әңгімелей алады.	
ҮІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут	Музыкалық сәлемдесу. «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). Өрлеп мына біз шыңға шығамыз, Сөз емес қой асқар биік құз. Таңмен күлеміз, суда жүземіз, Шыңдалып, жорықта жүреміз.	Музыкалық сүйемелдеу
II. Ұйымдастыру	(Н. Әлімқұлов)	Жорықтар түрі бейнеленген түрлі түсті

3-5 минут	<p>– Жорық деген не? Оның адам организміне пайдасы туралы түсіндіру.</p> <p>– Демалыс күндері отбасыңмен бірге қайда қыдырасыңдар?</p> <p>– Тауға жорыққа шығып көрдің бе? Сұрақтар қою арқылы әңгімелесу.</p>	суреттер
<p>ҮІӘ-нің ортасы</p> <p>III. Тақырып бойынша жұмыс</p> <p>.....минут</p>	<p>Музыка тыңдау: «Жол жыры» (муз. Ш. Қалдаяқов, сөзі Т. Молдағалиев).</p> <p>– Ән мазмұны мен қай суретті байланыстырар едің?</p> <p>– Ән сипатына сәйкес қалай орындалады?</p> <p>Жорыққа шыққан қызық екенін айтып, үш тілде қайталап айтқызу, үйрету: қызық – интересно</p> <p>Дауыс жаттығулары: «Ән саламыз», «Әдемі ән» жаттығулары дауыстың еркін шығуына ықпал етеді.</p> <p>Ән айту: «Жорық жыры» (муз. Н. Тілендиев, сөзі М. Әлімбаев).</p> <p>Әннің сипатын, екпінін анықтау үшін сұрақтар қою.</p> <p>Ән көңілді, сергек, шаттық сезіммен орындалатынын түсіндіру.</p> <p>Әнді сипатына сай орындап беру.</p> <p>Мәтіні мен әуенін, жоғарғы дыбыстарды таза, анық айтуларын қадағалау.</p> <p>Әннің көңіл күйін сезіне орындауға дағдыландыру.</p> <p>Мәтіні мен әуенін таза, анық айтуларын қадағалау.</p> <p>– Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады?</p> <p>Аспаптан танысу: «Біздің оркестр» (муз. С. Соснин). Үшбұрыш, бубен, маракас, металлофон аспаптарын меңгеруді жалғастыру. Ансамбльмен және жеке орындауда жеңіл ырғақтарды ойнау.</p> <p>1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Жорыққа шыққан көңілді достардың дауысы қай аспаптың дыбысына ұқсайды? Дауысы сәйкес келетін аспаптарды орман тұрғындарымен сызықпен қосып көрсет. Көңілді жорыққа шыққанды ұнатасың ба? Саяхатқа шығып көрдің бе? Суреттен саяхатшы баланы тауып бер.</p> <p>2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Әннің ырғағы, екпіні қандай? Балақай, сені дыбыстар еліне саяхатқа шақырамыз. Мұқият бол! Көк сызықпен шулы дыбыс беретін заттарды белгілеп көрсет.</p> <p>Ал қызыл сызықпен музыкалық дыбыс беретін заттарды белгіле. Қандай көлік түрлерін білесің? Саған қай көлік ұнайды? Орман тұрғындарына өз үйлеріне тез жетуіне көмектес. Аюға – қоңыр, қоянға – жасыл, қасқырға – көк, торғайға қызыл түстермен жол салып көрсет, сызықпен үйіне жеткіз.</p>	<p>«Жол жыры» әні</p> <p>«Ән саламыз», «Әдемі ән» жаттығулары «Жорық жыры» әні</p> <p>«Біздің оркестр» музыкасы Ұрмалы музыкалық аспаптар</p>
<p>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.</p> <p>Рефлексия</p> <p>.....минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Күн шуақ» ересек топ

Ис-әрекет түрі:
Тілек сөз



ҰІӘ тақырыбы: «Мандағы кішкентай тұрғындар»		
Күні:	28. 01. 2025ж 30. 01. 2025ж	2 сағат
ТОП:	Ересек топ	
ҰІӘ-нің міндеті:	Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу.	
Күтілетін нәтиже:	Балалар музыканы тыңдап, қимылдарды қайталауға талпынады. Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. Аспаптарды ауыстырып ойнауға үйренеді.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Қыс, қар таяқшалары, құртақан (гном). Пікір алмасу сұрақтары: Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық) Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың? Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің?	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Балаларды көңілді күймен қарсыалады. Бүгін барлығы сиқырлы орманға барамыз. Музыка тыңдау: «вальс» П. Чайковский. Балаларды жұптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді, музыканы тыңдай жүріп ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады. «Табиғат құбылысы» (үнтаспадан тыңдалады) балаларға жасауып тұрған қар ұшқандарын көз алдына елестетеді, аяқ ұшымен жүгіруді,	Жұмбақ ойыншықтар, қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар: үшбұрыш, қоңырау, бубен, маракас, металлофон, сандықша, үлкен қар,

	<p>қолдарымен қар ұшқандарын ұстауды сұрайды. Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді. -Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен. Құртақандар көмекке шақырады, орманға барамыз құртақандарды табамыз. Жылдам жүгіреміз, адымдап жүреміз. Деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады.</p>	кішкентай шырша.
<p>ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>Дауыс жаттығуы: «баспалдақ» Е. Тиличеева. жаттығуды айтқызады, үйретеді. Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды. Әнүйрену: «қыс» Б. Жүсіпәлиев. А. Ақылбеков. Балаларға әнді жаттатып үйрету. Әуенді қимылды қозғалыс: «Қоңыраулар мен билейміз». Балаларды жеке-жеке шығарып айтқызады: 1-бала: Келіңдер келіңдер, Бізбен ойнап көріңдер. 2-бала: Келіндер келіндер Бізбен билеп көріңдер. 3-бала: Шапалақтап қағыңдар Айналыңдар билеңдер. 4-бала: Топылдатып аяқты Кезек-кезек соғыңдар! Жетекші қуыршақ құртақанды көрсетеді. Құртақандардың балаларға қоңырау, металлофон, үшбұрыш, маракас, бубен аспаптарын беріп жібергенін айтады. Аспаптарда ойнау: «сылдырмақ» (орыстың халық әні). Жетекші балаларға музыкалық аспаптармен қосылып ойнауды үйретеді. Аспаптарда ойнайық, шыршаға барайық, бір-екі, бір-екі, ырғақты бұзбайық.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>Ойын: «шанғы тебеміз» (Е. Тиличеева.) Асыр салып ойнаймыз, шаңғыларды байлаймыз. Бірғақпенен қозғалып, жаттығуды жасайық.</p>	смайлктер

	<p><i>-Бүгін бізге кімдер келді?</i> <i>-сендерге аспапта ойнаған ұнады ма?</i> <i>Балаларды мадақтайды.</i></p>	
--	--	--



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Жұлдыз» топ
Іс-әрекет түрі:

ҰІӘ тақырыбы:		<i>Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»</i>	
Күні:	<i>04.02.2025ж- 06.02.2025ж</i>	<i>2 сағат</i>	
ТОП:		<i>Ересек топ</i>	
ҰІӘ-нің міндеті:	<i>Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету.</i>		
Күтілетін нәтиже:	<i>Музыканы тыңдауды, көңілді-көңілсіз, қуыршақ театры арқылы рөлдерде кейіпкер даусын салып ойнайды. Музыканы тыңдай отырып, қуыршақ театры арқылы рөлдерде кейіпкер даусын салып қайталайды Музыкалық шығармаға би ырғақтарын келтіре билейді.</i>		
Тілдік мақсат:	<i>Балалар:Балалардың эмоциялары өзгереді, қуанады. Амандасып , орындарына орналасады.Қуаныштарын білдіреді. Балалар Марғау мен Ақтөстің дауыстарын естіп, түсінуге тырысады. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:Үреді, мяулайды, қуланады. Пікір алмасу сұрақтары: Ертегі деген не? Қандай ертегі кейіпкерлерін білесіңдер?</i>		
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	<i>Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады.</i>		
ҰІӘ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
<i>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</i>	<i>Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «қуыршақ театрын» көруге шақырады. Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсыалады, амандасады. Ертегіші: балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді. Оларбір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты. Тыңдап көріндерші. (қуыршақтардың дауысын Ертегіші өзі салып ойнайды.) марғау (даусы алыстан естіледі).</i>		<i>Театр сахнасы, қуыршақтар,</i>

	<p><i>Мияу-мияу, мен айтамын.</i> <i>Ақтөс: әуп-әуп, мен айтамын.</i> <i>Ертегіші. Дауыстарын естіп тұрсыңдарма, балалар?</i> <i>Мысық Марғау қалай дыбыстайды?</i> <i>АлАқтөсше?</i></p>	
<p><i>ҰІӘ-нің ортасы</i> III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p><i>Марғау: мияу-мияу, мен айтамын.</i> <i>Ақтөс: мен айтамын, әуп-әуп.</i> <i>Ертегіші: ақтөс, марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар?</i> <i>Ақтөс: «жасыл шырша жанында» әнін мен айтамын (мұңайған кейіп танытады).</i> <i>Ертегіші: сендер таласпаңдар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз.</i> <i>-балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе?</i> Музыка тыңдау:<i>«Сәлемет пе, Аязата» ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады.</i> <i>Марғау жылайды.</i> <i>Ақтөс: сен неге жылап отырсың?</i> <i>Марғау: Қазыр сен кетіп қалсаң, Түлкі мені алып кетеді.</i> <i>Ақтөс: онда біз түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат.</i> <i>Ертегіші: балалар, түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіңдер ме?</i> <i>Түлкі: (келеді) Мен Түлкімін, Түлкімін, қайда кетті мысығым?</i> <i>Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің?</i> <i>Түлкішек: мен Марғауды Жаңа жылымен құттықтайын деп едім.</i> <i>Ертегіші: түлкішек, сен бізге өнеріңді көрсетсең біз саған Марғауды тауып береміз.</i> <i>Түлкішек: сендер маған қандай ән сыйлайсыңдар?</i> <i>Ертегіші: Біз саған «Жасыл шырша жанында» әнін тарту етеміз.</i> <i>Балалардың әнді қайталап айтуын сұрайды.</i> <i>Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар.</i> Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ». <i>Жаттығуды төменнен жоғарыға бастауды түсіндіреді (қолымен төменнен жоғарыға қарай баспалдақпен сермеп бірте-бірте жоғарылай береді).</i> <i>Түлкішек: мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен, текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар.</i> <i>Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларға үлестіреді.</i> <i>-сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласыңдар ма?</i> <i>Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеумен қайталауды ұсынады.</i> Ойын: «сөйлейтін бубен».</p>	<p><i>Сандықша, шырша, текше, қоян, қасқыр суреттері.</i></p>

	<p>«шапалақ» «секіру» «жұптасу» қимылдарын көрсетуді ұсынады. Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады. Ертегіші балалардың Ж.Бизенің «Қасқырлар мен Қояндар» қойылымын қайталап билеуын сұрайды. Ертегіші: тұлкі,саған көп көп рахмет.сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық. Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін екеуің тату болуларың керек,-деп Марғауды шақырып екеуін татуластырады, қоштасады.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>-Балалар, сендер өте жақсы қатыстыңдар, әдемі биледіңдер. -Бізге Түлкішек қандай тапсырма әкелді? -Қандай би түрлерін биледіңдер? -Балалар, сендерге келесі жолы тағыда қонақтар шақырамыз. Сендер үйренген биді, әнді, ойындарды топта, үйде қайталаңдар,- деп балалады мадақтайды, қоштасады</p>	<p>смайлктер</p>



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Күгіш» топ
 Іс-әрекет түрі:

ҰІӘ тақырыбы:	«Су – өмірдің өзегі»	
Күні: 11.02.2025ж 13.02.2025ж	2 сағат	
ТОП:	Ересек топ	
ҰІӘ-нің міндеті:	Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы). Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау.	
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады. Көпшілік балалар: Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. Кейбір балалар: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Су туралы, оның пайдасы туралы әңгімелей алады. Әнді тыңдай отырып түсінгендерін өз сөздерімен айта алады. Көптілділік: су – вода Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Динамика, ырғақ, қарқын. Пікір алмасу сұрақтары: Судың қандай пайдасын білесің? Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды? Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут	Музыкалық сәлемдесу. Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады. – Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ.	
II. Ұйымдастыру 3-5 минут		
ҰІӘ-нің ортасы	(Музыка тыңдау: «Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын	«Аққу көлі» (үзінді)

<p>III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p><i>ажырату. Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын атап көрсету.</i></p> <p>Дауыс жаттығулары: «Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгеленте кеңірек ашып, тілдің ұшын таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету.</p> <p>Ән айту: «Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).</p> <p>Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу. Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).</p> <p>Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.</p> <p>1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Аққу қандай құс? Хайуанаттар бағына барғанда аққуды көріп, ол туралы біліп ал. Шығарманы мұқият тыңда. Қандай әсер алдың?</p> <p>2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Судың пайдасы туралы не білесің? Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек? Суреттегі тышқан мен аюдың жоғары басқышқа қайсысы лайықты? Ал төменгі басқышта ше? Сызықпен қосып көрсет. Көбелектер неге ұқсайды? Көбелектің түсі қандай болады? «Көбелек» биінің екпіні, ырғағы қандай?</p>	<p>«Саржайлау» күйі</p> <p>«Су – өмірдің өзегі» әні</p> <p>«Көбелек биі»</p>
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Күншұғыл» ер

Іс-әрекет түрі: Муз

ҰІӘ тақырыбы:	«Бағдаршам»	
Күні: 18.02. 2025ж- 20. 02.2025ж	2 сағат	
ТОП:	Ересек топ	
ҰІӘ-нің міндеті:	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.	
Күтілетін нәтиже:	«Амандасу жаттығуын» айтады. Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын үйренеді	
Тілдік мақсат:	<p>Балалар: музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды біледі</p> <p>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: сабырлы, көңілді, жігерлі, бағдаршам, ереже, ескерту, тыйым салу, көрсеткіш.</p> <p>Пікір алмасу сұрақтары: Бағдаршам не үшін керек? Көліктер дегеніміз не? Қандай көлік түрлерін білесіңдер?</p>	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен сабақта қандай ән айтқанымызды, қандай музыка тыңдағанымызды еске түсірейік. Не туралы әңгіме айтқанымызды ұмытпаған боларсыңдар. Ойланып, еске түсіру.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут</p> <p>II. Ұйымдастыру 3-5 минут</p>	<p>Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.</p> <p>Б. Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді. Қимыл ырғақтарын әуенмен жасауды ұсынады.</p> <p>Қимылдардан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып жасауға үйретеді.</p> <p>- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті», - деп,</p> <p>Ж. Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.</p> <p>Қасқыр: Еркін өсіп далада, Келдім бүгін қалаға.</p>	<p>бағдаршам, жаяулар өткелі, тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол.</p>

	<p><i>Қиналдым көше тәртібін Кіргізе алмай санама. Музыка әуенімен қимылдар жасайды.</i></p>	
<p><i>ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</i></p>	<p><i>Желаяқ: Бағдаршамға қараймын, Қараймын мен таңдана. Өшіп-жанған көзінің Алмай сырын аңғара. – Иә, Қасқыр, әлі күнге дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін. (Зуылдап жүгіріп өтеді). Тұлпар: Ережесін көшенің Шемішкедей шағамын. Болмай ма екен тұлпардай, Баяу өте алатын. (Ақырындап жүріп өтеді). Қоян: Ой-ой, мына қасқырды Көріп тұрмын тұңғыш рет. Қайдан келген бұл өзі? Қалалықтан емес бұл. (Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді). Қоян: Әй, әй, Қасеке, Не көрінді өзіңе, Қарасаңшы көзіңе! Бағдаршамға қиылып, Қараймын мен жымылып, Сары көзі жанғанда, Үлгеремін жүгіріп. (Қызыл да жанып үлгереді, артынан Қасқыр жүгіреді). Арыстан: Әй, Қоян, бері кел, бері, Әрі-бері жүгіре берме! Ауылдан келген қасқырға Үйрет мына ережені! Қоян: Арыстан аға, құп болады! Тек қасқырға айтыңызшы, Мені қуа бермесін, Айтқанымды тыңдасын. Арыстан: Кел бері, Қасқыр, қасыма, Сенің құлағың - Қоянда, Ал көзің бағдаршамда болсын! Түсіндің бе? Қасқыр:</i></p>	<p><i>ұнтаспа, дискілер, қасқыр, желаяқ, тұлпар, қоян, арыстан кейіпкерлерінің костюм атрибуттары.</i></p>

	<p><i>Әй, Арыстан аға Қоянға күнім түсті зой. Амал қаниша, қайтейін?</i> <i>Қоян: (Ескерту белгісі)</i> <i>Үшбұрыш қызыл көрінсе -«Абайла, Қасқыр!» (Тыйым салу белгісі) Дөңгелек қызыл шеңберде -«Тоқтай қал, Қасқыр!» (Көрсеткіш белгісі) Дөңгелек көк шеңбер ме -«Жолыңыз ағайын».</i> <i>Түсіндің бе, Қасеке? Ха-ха-ха!</i> <i>Қасқыр: Түсіндім, болды енді,</i> <i>ыржалақтай бермей! Арыстан кетер,</i> <i>күнім өзіме келер-р-р-р!</i> <i>Арыстан: Жол тәртібін білейік,</i> <i>Аман-есен жүрейік.</i> <i>Қасқыр: Барар жерге асықпай,</i> <i>Қоян: Аман-есен жетейік.</i> <i>Ән: «Жолаушылар жыры»(Ж. Қалжанова).</i></p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p><i>Сұрақ –жауап.</i> - Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма? - Жол ережесін естеріңе сақтаңдар, жолдан жүзгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар. - Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз? Смайлктер беру</p>	<p><i>смайлктер</i></p>



Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Жұлдыз» II
 Іс-әрекет түрі:

ҮІӨ тақырыбы:	«Біз өнерпаз баламыз»	
Күні:	25. 02. 2025ж- 27. 02.2025ж	2 сағат
ТОП:	Ересек топ	
ҮІӨ-нің міндеті:	Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырату.	
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарлығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажыратады. Көпшілік балалар: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйке ән сала алады. Кейбір балалар: Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта) сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырата алады.	
Тілдік мақсат:	Балалар: Өздері ұнататын өнер түрлері туралы әңгімелейді. Тақпақ-өлеңдер айтады. Көптілділік: би – танец Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Тайтұяқ, жетіген, мимикамен көрсету, халық әні. Пікір алмасу сұрақтары: Әннің ырғағына қандай қимылдар жасауға болады? Тыңдаған әннің әуені саған қалай әсер етті? Музыканы тыңдағанда көз алдыңа нені елестете аласың?	
Өткен ҮІӨ-нен алған білім	Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі.	
ҮІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут</p> <p>II. Ұйымдастыру 3-5 минут</p>	<p>Музыкалық сәлемдесу. «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). «Ән салған кім?» ойынын ұсыну. Ортаға көзі жұмулы бала тұрады. Кез келген бала ортадағы баланың атын әндете айтады. Ортадағы бала тапса, әнші баламен орын алмастырады. Ойын 2-3 рет қайталанады. «Өнерпаз бала» тақырыбына әңгімелесу. Суреттер көрсету.</p>	<p>Музыкалық сүйемелдеу</p> <p>Тақырып бойынша суреттері</p>
<p>ҮІӘ-нің ортасы</p> <p>III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>(Т)Музыка тыңдау: «Ақжайнақ» халық әні. (балалар ән жинағынан) Әнді тыңдап, сипатын анықтайды, ән көңілді ма, әлде көңілсіз бе? Ән туралы әңгімелейді, қарапайым пікірлерін ортаға салады. – Отбасыңда халық әнін орындайтын өнерпаз бар ма? Сұрақтар қою арқылы сөздік қорларының жетілуіне әсер ету. (Т, Ж) Дауыс жаттығулары: «Күзгі жел», «Әдемі ән». Тыныс алу ережелері дұрыс жасалуын қадағалау. (Т, Ж) Ән айту: «Жан сырым» (муз. Е. Өміров, сөзі Х. Талғаров). Әнді сезімталдықпен орындау. Мәтінін түсіндіріп, балалардың қызығушылығын ояту. Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. – Әннің сипаты қандай? – Ән не туралы айтылған? (Т) Аспаппен танысу: «Тайтұяқ пен асатаяқ» (муз. А. Райымқұлова). Аспаптың дауысын есте сақтауға үйрету. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Әннің әуені, ырғағы қандай Жетіген мен қобыз аспаптарының аталуын есте сақта! Аспаптар неден жасалған? Бұл аспаптар қандай түсте деп ойлайсың?</p>	
<p>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексияминут</p>	<p>(Р) Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, шапалақта қолыңды, жоғары соз мойныңды, қолыңды бұлға жоғары. Сау болыңыздар</p>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК



Топ: «Күн-Туяқ»

ҮІӘ тақырыбы:		«Ардақты ұстазым»	
Күні:	04.03.2025ж.- 06.03.2025ж	2сағат	
ТОП:	Ересек топ		
ҮІӘ-нің міндеті:	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.		
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Көпшілік балалар: Қарапайым әуендер, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады. Кейбір балалар: Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады.		
